



ЎЗБЕК ӘДЕБИЕТІНДЕГІ ТӨРТТАҒАН ЖАНРЫ

Баешова Балзия Шегетайқызы,
Қазақстан. Түркістан облысы.
Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-
түрік университетінің доценті, филология
ғылымдарының кандидаты
(тел: +77473200817)

Медеу Аселя Аралқызы,
«Журналистика» мамандығының 2 курс
студенті
(тел: +77070242646)

Аннотация: Мақалада Өзбек әдебиетінің танымал ақындары сөз болады. Өзбек поэзиясында өзіндік орны бар ақындардың өлеңдері зерттелген. Мәселен, Ә.Науаи, Бабыр, Мунис, Оғахия, Рамз Бабажан, Шухрат, Толиб сынды ақындардың өлеңдері қарастырылады. Поэзияның ең көне жанры төрттаған (рубаи) жазған ақындардың еңбектерінен үзінді келтіріледі, көркемдігі талданады. |Жалны өлең ерекшеліктерін тоқталып, өзбек әдебиетінің тамаша туындылары сараланады.

Кілт сөздер. Поэзия, жанр, ақын, рубаи, әдебиет, өлең, салт-дәстүр

Поэзия әлемінде өзбек халқы да өз ерекшеліктерімен дараланып тұрады анық. Небір данышпан ақынды дүниеге алып келген өзбек даласында жанрдың небір түрі туып жатты. Түрлі жанрлар ішінде қашан да дараланып тұратын төрттағанды жырламаған ақын өзбектерде кемде-кем еді. Олардың қатарында жарқырай көрінген Ә.Науаи, Бабыр, Мунис, Оғахия, Рамз Бабажан, Шухрат, Толиб сынды ақындарды атай аламыз.

Өзбек халқының жазба әдебиеті шамамен XV ғасырдың алғашқы жартысында өмір сүрген Науаи, Атаи Саккака, Дурбек, Хайдар Хорезми, Ахмади ғазалдарынан бастау алады. Міне, нақ осы тұста төрттік жырлау үрдісі де өзбек әдебиетіне енген деуге болады.

Өзбек ақындары дегенде ең алғаш біз өзбек көркем сөз өнерінің әлемдік әдебиет аренасынан тиісті орын алған Әлішер Науаи (1441-1501 ж.ж.) есімін бірден еске түсіреміз. Ол – өзбек халқының ұлы данышпан ақыны, мемлекет қайраткері, шығармалары әлемге әйгілі ойшыл жан. Науаи да түркімен ақыны Байрам-хан Мұхаммед секілді Бабыр назарына ақындығымен ілігеді. Әкесінен айырылған 12 жасар Науаидің тәрбиесі бұдан былай Бабырдың мойнында еді. Ғұлама ақынның қаламынан туған төрттағандарының дені философиялық,





дидактикалық сарында жазылды. Ақын қаламынан махаббат тақырыбы да қалыс қалмаған. Лирик ақынның табиғатты суреттеген туындылары да өзбек әдебиетінің шырайын келтірер шығармалар екені даусыз.

Әлішер Науайдан кейінгі төрттаған жырлаған ақындар қатарына Заһириддин Мұхаммед Бабырдың есімін қоса аламыз. Өз заманының үлкен ойшылы, кемеңгер ғалымның еңбегі барлық салада да елеулі. Ел басқару ісінде де ақындық тұрғысында да Бабырдың есімі тарих сахнасының ең жарық жұлдызы екені ақиқат. Оның басқа еңбектерін атамағанның өзінде «Бабырнамасының» өзі Орта Азия мен Қазақстанның мәдени тарихынан елеулі орын алары даусыз. Бабыр өзінің тамаша лирикаларымен дүние жүзі әдебиетінің асыл қазынасына үлес қосқан ақын. Әсіресе оның төрттағандары кез-келгенді толғантпай қоймайды. Оның 20-ға жуық төрттағандар топтамасы 1950 жылы Мәскеуде жарық көрген «Антология узбекской поэзии» [1] жинағына енді. 1972 жылы «Жазушы» баспасынан Б. Алдамжаровтың құрастыруымен шыққан «Өзбек поэзиясының антологиясы» [2] жинағына бірнеше төрттағаны шыққан болатын.

Бабыр – асқан лирик ақын. Оның қаламынан туған төрттағандар дені табиғат пен махаббат лирикаларына, сезім мен көңіл-күй әсерлеріне арналған. Оның басқа ақындардан ерекшелігі барлық төрттағандарының буын саны өте көп. Өлең жолдары 14-15 буынды болып келсе де көркемдігі мен мазмұндылығына нұқсан келмейді. Қайта шумақтары сөз ұзаған сайын көркемделе түскендей. Мәселен:

О, қызғалдақ, неге кенет көңлің қалды, шеттедің?

Мен көңліңді тапқанымша қанша қайғы шекпедім,

Сол сәулетті, бақытты шақ болмады әттең баянды,

Беттен қақтың, жанға батты үмітімді тепкенің [2, 28 б.], -деген

шумағынан көп буындылықтың аса көркемдік сипат алып тұрғандығын аңғарамыз. Бабыр рубаиларында жырланатын махаббат тақырыбының аясы тым кең. Онда сағыныш, үкілі үміт, аңсау мен табысу ситуациялары бірінен соң бірі келіп, үлкен сюжет құрайды. Өткен күнге сағыныштан гөрі болашаққа ұмтылу, үміттеніп, келер күннен жақсылық тосу мотивтері жиі ұшырасады.

Бабыр шумақтарында ауыстыру, яки метафора өте жақсы қолданылған. «О, қызғалдақ, неге кенет көңлің қалды, шеттедің?» деген жолдағы «қызғалдақ» сөзі





қыз орнына ауыстырылып отырған ұғым. Ақындар қашан да бойжеткенді гүлге (қызғалдақ, раушан, райхан, лала, еңлік т.б.) теңейді. Осындай салыстыра суреттеулер қандай өнер туындысы болмасын эстетикалық әсерін күшейте түседі. Бабыр ақынның қай шумағындағы теңеуін алмайық, суреттеліп отырған нәрсені не оқиғаны көз алдымызға елестетіп, құлпыртып көрсетеді. Бұл да ақын шеберлігінің бір қыры.

Қызды «гүлге» алмастыра суреттеу Бабыр төрттағандарында жиі ұшырасады. Ақынның басты ерекшелігі – метафораны орынды пайдалана алатындығы. Мәселен,

Сен –әдемі қызғалдақсың, мен – бейшара бұлбұлмын.

Сен –жалынсың, ал мен болсам желге ұшатын құр күлмін.

Екі арамыз жер мен көктей алшақ жатыр дей көрме,

Халқым үшін патша болсам, өзің үшін бір құлмын [2].

Мұндағы «қызғалдақ» сөзі қызға балап айтылса, «бұлбұл» сөзін өзіне бұрып жырлаған. Сондай-ақ, екінші жолдағы метафоралар «жалын» сөзі мен «күл» ұғымы. Сүйген адамын жанып тұрған алау жалынға, өзін сөніп біткен құр күлге балап отыр. Төрт-ақ жолдан тұратын шумақтан біз үлкен сюжетті сурет көріп отырмыз. Суретке сүйсіне де, таңдана да қараймыз. Бұл төрттағанда пайдаланылған метафораның әсері, құбылтудың керемет күші.

Бабыр төрттағандары үлкен екі топта жырланған. Біріншісі – лирикалық, екіншісі – философиялық. Ақын көбіне-көп лирикалық сарында төрттағандарын дүниеге алып келді. Ол – лирик, суреткер, пейзажист ақын. Белгілі бір оқиғаны не құбылысты оқырманның көз алдына елестеттіріп, тіпті сол ортаға жетелеп те апарды. Бабыр ақын төрттағандарында оптимистік көзқараспен назар аудартады.

«Бабыр рубаиларында ғашық жар және Отан бейнелері бір-бірімен ұштасып, жалғасып жатады. Демек, қаламгер рубаи жанрының дәстүрлі мотивтерін алып, оған жаңа бір мағына бере білген. Сондықтан да ару бейнесі дерексіздене, жалпылана түседі. Мұндай жалқыдан жалпыға өту барысында өлеңнің тақырыптық аясының кеңейіп, семантикалық жүгі артады. Соның нәтижесінде Бабыр Отан-ана мен ғашық жар бейнелерін бір арнаға тоғыстырады.

Күлімдеген нәзік раушан гүлге, жел, ұшып бар,

Жолда жарық түсер күн жүзді айыма айта бар.





Бабырдан ыстық сәлем жеткізіп,

Одан жақын ешкімнің жоғын айта бар» [3, 165 б.]- деп келетін жолдарда ақын жел арқылы өз сүйгеніне жалынды сәлемін жеткізуде. Мұнда лирикалық кейіпкердің жан, тән сұлулығы астарлы айқындалады. Ис-әрекет арқылы оның сұлулығы паш етілген. «Күн жүзді айым» деп әдемі нақыштармен суреттеп отыр. Бабырдың суреткерлігінде шек жоқ, ол сөзсіз лирик ақын. Оның есімі тек өзбек халқында ғана емес үнді, Орталық Азия, Қазақстан мемлекеттерінде өшпес орынға ие болары анық.

Өзбек поэзиясы тарихындағы XV ғасырдың екінші ширегі мен XVI ғасырдың алғашқы бөлігінде төрттаған жанры өте қарқынды дамыды десек болады. Сол кезеңде өзбек әдебиетінің көрнекті өкілдері Әлішер Науаи мен Заһириддин Бабыр сынды ақындар төрттаған жанрын биік белеске көтере жырлағандар болып есептеледі. Олар төрттаған жанрының тақырыптық аясын кеңейтуге, көркемдігін арттыруға, композициялық құрылымына үлес қосқан ірі қаламгерлер. Олардың шығармалары әлі де орта ғасырлық түрік әдебиетінің озық үлгілері болып қалмақ.

Пайымдауымызша, аты аталған ақындардың сарынымен төрттаған жанрын ары қарай өзбек әдебиетінде дамытқан қаламгерлер – Мунис және Оғажий. Ал өзбек Совет әдебиетінде Шайхзода, Рамз Бобожан, Шухрат, Толиб Йулдаш есімдері төрттаған жанрын жаңа белеске көтерген ақындар легі болып саналады. Кеңестік дәуірде ғұмыр кешкен ақындар тобы төрттаған жанрында елеулі із қалдырды. «Заманына қарай адамы» дегендей, олар да өз шумақтарында Кеңестік кезеңнің келбетін суреттеп, тыныс-тіршілігін баян етті. Аталған ақындар есімі Кеңестік кезеңде төрттаған жазған көрнекті қаламгерлер ретінде өзбек әдебиетінің тарихында өшбес орынға ие болады.

Қорыта айтқанда, төрттаған жанры неше буынмен жырланбасын айтылар ойын бойында сақтайды. Адамдық қасиет, өмірге құштарлық, заманауи тақырыптар төңірегінде сөз қозғайды. Ауқымды әлеуметтік мәселелер сөз болса да, жанрдың буындық өлшемі мазмұнына нұқсан келтіре алмайды. Қайта тақырыптық ерекшелігіне қарай нақыштала түседі.

Төрттағандардан барлық қажетті элементтерді кездестіруге болады. Бір ғана шумақпен үлкен ой берер жанрдың поэзия айдынында алар орны да ерекше. Ақын қай заманда да халық мұңдасы, жанашыры болып келген. Қай ақынның





шығармасын алмайық, ел үні, замана даусы жатады. Төрттаған басқа жанрлар секілді жалғасын қажет етпесе де дара тұрып талай сырды ашады, тереңде жатқан жауһарды теңіз бетіне шығарады.

Төрттік жанры өзбек әдебиетінде де өте жақсы. Оның жырлану аясы кең, шеңбері ұлан-ғайыр үлкен болды. Өзбек төрттағандарының ерекшелігі сол – сөзге бай, тілі шұрайлы. Көп буынға құрылса да, мәнді де мағыналы. Көркемділігімен, мазмұндылығымен назар аудартады. Өзбек ақындары қай жанрда болмасын жеріне жеткізе жырлайтын тұлғалар.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Антология узбекской поэзии.- М.: Гос. изд-во худож. лит., 1950.- 471 с.
2. Мүшәйра: Өзбек поэзиясының антологиясы /Құрастырған: Бегділдә Алдамжаров).- Алматы: Жазушы, 1972.- 296 б.
3. Жәкім А. Бабыр рубаиларындағы «жел» бейнесі. // Искандер.- Проблемы поэтики с стиховедения: Абай атындағы Алматы университетінің 75 жылдығына арналған халықаралық ғылыми конференция материалдары.- Алматы.- 427 б.

